

Пән бойынша
семинар сабағына дайындық туралы
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Пән мазмұны мәселелерін білудің білім алушылар үшін ғылыми және практикалық маңызы зор, кәсіби қызметте пайдасы көп. Сондықтан пәннің семинарына үлкен жауапкершілікпен қарау керек.

Семинар сабағы білім алушының оқу, іздену, зерттеу жұмыстарының бір бағытта болып, оқу кезеңі аяқталғанда, нақты оқу- ғылыми-зерттеу жұмысы ретінде нақты нәтижеге жету шарт. Ол нәтиже оқытушының сараптауынан өтіп, әр семинар сабағы барысында жетілдіріледі. Талапқа сай орындалған жұмыстар семинарда талқыланып, жариялауға ұсынылады.

Семинар сабақтарда білім алушыларға пән бойынша материалдар ұсынылады. Оқытушының басшылығымен білім алушылар талдау пәні болып отырған оқу материалының мазмұнын ұғып, маңызы мен мәнін саралайды, осы жұмыс барысында өзі саралаған ой мен сөзді, қағиданы өз өмірінің қандай сәттерінде, қандай жағдайда қолданатыны жайында ойланады.

Өзінің болашақ кәсіби қызметін ұялмайтындай біліктілікпен, білім қорымен бастау үшін әрбір білім алушы білімін өздігінше жетілдіруге, өздігінше еңбек етуге университет қабырғасындағы алғашқы күндерден бастап ерекше мән беруге тиісті. Осы орайда білім алушының семинар үстіндегі жұмысының нәтижелілігіне қол жеткізудің маңызы аса зор. Білімін өздігінше оқып, толықтырудың, өздігінше еңбектенудің, семинар сабағында ойларын салалап, жинақтап айтуға дағдыланудың қажеттілігі мен тиімділігі әр білім алушының ойында болуы қажет. Білім алушы семинар сабақ барысында бастаған, анықтаған жайларды өздігінше ой талқыға салып, өздік жұмыс шегінде толықтырып, жетілдіре беруі шарт. Белгілі бір нәтижеге қол жеткізгенде, жұмысының нәтижелерін ғылыми семинарда, ғылыми конференцияда талқылауға ұсынуға тиіс. Семинар сабағындағы, ғылыми конференциядағы талқылау білім алушылардың бәріне бірдей пайдалы. Сондықтан әр білім алушы талқылау барысында өз ойын, пікірін жүйелеп, негіздеп, тиянақтап айтуға дайын болуы шарт.

Оқу, білім алу, оны үнемі толықтыру ісі алған білімді нақты іс жүзінде пайдаланумен ұштасуы қажет. Нақты тәжірибеде пайдалануға жарамсыз білім білім болып есептелмейді. Бұл жерде де білім алушының білім алу ісіне саналы түрде қарауы, теориялық білімнің өзінің өмірлік тәжірибесі, болашақ кәсіби қызметі үшін пайдасын іздеуі аса маңызды. Білім алушы жұмысының осы аталған аясында ұдайы белсенді еңбек етуі керек. Семинар сабағы білім алушыны осындай мүмкіншіліктерді игеруге, осындай дағдыға, творчестволық ойлау дағдысына баулиды.

Семинар сабағына дайындықтың басты бір көрсеткіші – білім

алушының Абай шығармаларында негізделген тұжырымды ойлар мен пікірлерді, қағидаларды бүгінгі күн талаптары тұрғысынан, өзінің болашақ кәсіби қызметінде болуы мүмкін ахуалдар тұрғысынан пайымдай білуі.

28.08.2022

